«Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі» МКҚК

НЕГІЗДЕМЕ

Осы негіздеме республикалық деңгейде өткізілетін мәдени іс-шара – конкурс және концерттік бағдарламаны ұйымдастыру мақсатында дайындалды.

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Ақдәулетова Қаракөз Ақжігітқызы - әнші, ұлағатты ұстаз. Еңбек жолын 1985 жылы Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледждің «Ән салу» бөлімінің меңгерушісі болып 30 жылдан аса жұмыс атқарған.

Колледж қабырғасында халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаттарын тәрбиелеп шығарды және облыс мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан.

Бүгінгі таңда Қаракөз Ақдаулетованың шәкірттері Астана, Алматы опера және балет театрларында, Астана, Қызылода филармонияларында өнер көрсетіп, музыкалық колледждерде ұстаздық еңбек етуде.

Сонымен қатар балалар студиясының шәкірттері дүниежүзінің Эстония (1996), Түркия (1997), Франция (1998), Армения (2000), Болгария (2000, 2005), Қырғызстан (2001), Ресей (2001), Америка (2003), Грузия, Испания, т.б. елдерінде еткен өнер сайыстарында жүлделі орындарға ие болды. «Super Star KZ» мегапроектісінің алғашқы жеңімпазы А. Кішкенбаевта Ақәулетованың шәкірті.

Марапаттары:

1. Білім және ғылым министірлігінің Құрмет грамотасы (1997)
2. Президенттің алғыс хаты (2001).
3. «Құрмет» орденімен (2019)

Осындай еңбектерін ескере отырып және рұхына құрмет көрсету барысында колледж әкімшілігі:

- Білім беру процесінің сапасын арттыру және "вокалдық өнер" бағыты бойынша білім алушыларды даярлау үшін заманауи жағдайлар жасау мақсатында ұлағатты ұстаз **Ақдәулетова Қаракөз Ақжігітқызына** кабинет арнап көркемдік-көрмелік безендіру және қайта жарықтандыруға сонымен қатар өмірі мен шығармашылығына арналған «Естеліктер» кітабын шығаруға және 70 жылдығына арналған Республикалық конкурс, дөңгелек стол өткізу жоспарлануда.

- Бұл жобаны іске асыру заманауи білім беру ортасын құруды қамтамасыз етеді, музыкалық өнер саласындағы мамандарды даярлау сапасын арттырады және оқу бағдарламаларын тиімді іске асыруға мүмкіндік береді.

Директордың м.а. **М.Б. Әмзе**